## Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірісін, этил спиртін сақтау және сату, сонымен бірге алкоголь өнімін сақтау және көтерме сатуды жүзеге асыратын ұйымдарға дербес сәйкестендірме нөмір тағайындау Тәртібін бекіту туралы

***Күшін жойған***

Мемлекеттік кіріс министрлігі Алкоголь өнімін өндіру және оның айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитет 1999 жылғы 9 қараша N 257 бұйрығы. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 2 тамыздағы бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының "Этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру және оның айналымын мемлекеттік реттеу туралы 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңын жүзеге асыру мақсатында Бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірісін, этил спиртін сақтау және сату, сонымен бірге алкоголь өнімін сақтау және көтерме сатуды жүзеге асыратын ұйымдарға дербес сәйкестендірме нөмір тағайындау Тәртібі бекітілсін.

2. Осы бұйрықты нормативтік реттеу бөлімі (Лепесбаев А.С.) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінен тіркеуден өткізсін.

3. Осы бұйрық тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

*Төраға*

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Алкоголь өнімін өндіру және оның айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитет Төрағасының 9.11.1999 ж. N 257 бұйрығымен бекітілген

## Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірісін, этил спиртін сақтау және сату, сонымен бірге алкоголь өнімін сақтау және көтерме сатуды жүзеге асыратын ұйымдарға дербес сәйкестендірме нөмір тағайындау Тәртібі

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіпте келесі ұғымдар пайдаланылады:

Комитет - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Алкоголь өнімін өндіру және оның айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитет;

дербес сәйкестендірме нөмір-код - шаруашылық субъектісіне тағайындалатын тұрақты сәйкестендірме нөмір, мемлекеттік лицензия негізінде этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірісі мен айналымы қызметіне жүзеге асырады;

көлік жөнелтпе құжат - Қазақстан Республикасы аумағында этил спирті мен алкоголь өнімі өндірісі мен айналымының жариялылығын дәлелдейтін қоса берілетін құжат.

2. Дербес сәйкестендірме нөмір - код (бұдан әрі - ДСН-код) мына жағдайларда пайдаланылады;

лицензиаттарды есепке алуды жүйелендіруге және тәртіптендіруге;

лицензиаттардың заңды сақтауы жөніндегі ақпараттарды тоғыспалы тексеруді жүргізуде;

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің бөлімшелері арасындағы уақтылы жедел ақпаратты алуда;

3. Дербес сәйкестендірме нөмір шаруашылық жүргізуші субъектіге - заңды немесе жеке тұлғаға этил спирті мен алкоголь өнімін өндіруге, сондай-ақ алкоголь өнімін (сырадан басқа) сақтауға және көтерме сатуға лицензиясы болған жағдайда ғана беріледі.

4. Лицензиаттарға ДСН-кодты беру және оны күшіне ендіру тәртібін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінің Алкоголь өнімін өндіру және оның айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитет регламенттейді.

5. Лицензиаттың ДСН-коды этил спирті мен алкоголь өнімінің көлік жөнелтпе құжатында міндетті түрде көрсетілуі керек.

6. ДСН-код бір-ақ рет беріледі және лицензиат оны басқа жеке немесе заңды тұлғаға бере алмайды.

## 2. Дербес сәйкестендірме нөмірдің құрылымы

7. ДСН-ді құру үшін фасеттік кодтау жүйесі қабылданған.

ДСН-нің құрылымы келесі сызбада көрсетілген:

X X X X X X

| |

| |_ _ _ _ реттік нөмір

|

_____ облыс кодтары

Бірінші фасет - облыс кодтары.
Екінші фасет - лицензиаттың реттік нөмірі.
Облыстарды кодтау төмендегідей белгіленген:
- Ақмола - 01;
- Ақтөбе - 02;
- Алматы - 03;
- Атырау - 04;
- Шығыс Қазақстан - 05;
- Жамбыл - 06;
- Батыс Қазақстан - 07;
- Қарағанды -08;
- Қостанай -09;
- Қызылорда -10;
- Маңғыстау -11;
- Павлодар -12;
- Солтүстік Қазақстан -13;
- Оңтүстік Қазақстан -14;
- Алматы қаласы -15;
- Астана қаласы -16;

Этил спиртін өндірушілерге 1-ден бастап 99-ға дейінгі реттік нөмір беріледі;

Алкоголь өнімін өндірушілерге (оның ішінде сыра өндірушілерге) 100-ден бастап 999-ға дейінгі реттік нөмір беріледі.

Этил спирті мен алкоголь өнімі айналымы саласында әрекетті жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерге 1000-нан бастап 9999-ға дейінгі реттік нөмір беріледі.

## 2. Дербес сәйкестендірме нөмірді беру тәртібі

8. ДСН-кодты алу үшін лицензиат Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Алкоголь өнімін өндіру және оның айналымын мемлекеттік реттеу жөніндегі комитетіне белгіленген формадағы екі дана карточканы өткізеді.

9. Тіркеу карточкалары екі түрге бөлінеді:

- этил спирті мен алкоголь өнімі өндірісі және айналымы саласында әрекетті жүзеге асыратын заңды тұлға ретінде тіркелген шаруашылық жүргізуші субъектінің тіркеу карточкасы (N 1-қосымша);
- этил спирті мен алкоголь өнімі өндірісі және айналымы саласында әрекетті жүзеге асыратын жеке кәсіпкер ретінде тіркелген шаруашылық жүргізуші субъектінің тіркеу карточкасы (N 2 қосымша);

10. ДСН-кодты алу үшін тіркеу карточкасының бір данасы лицензиатқа қайтарылады, ал екінші данасы комитетте сақталынады.

11. Тіркеу карточкаларындағы мәліметтер заңда белгіленген жағдайлардан басқа жағдайларда жариялануға жатпайды.

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрлігі
Алкоголь өнімін өндіру және оның
айналымын мемлекеттік бақылау
жөніндегі комитеті Төрағасының
9.11.1999 ж. N 257
бұйрығымен N 1-қосымша

**Заңды тұлғаға берілген ДСН-кодтың тіркеу карточкасы**

_______________________________________________________________

__________!___________!__________!___________!____________!________

СТН ____________________________________________________

Ұйымның атауы ___________________________________

Лицензиаттың мекен-жайы филиал,
Телекоммуникация
жабдықтары ____________________________________________________

____________________________________________________

Лицензия (N берілген мерзімі, әрекет уақыты __________________

____________________________________________________________

Мемлекеттік тіркеу туралы мәлімет_________________________________

Коды___________________________________________________________

Устав фонды___________________________________________________

Заңды тұлғаның мем.тіркелгені туралы куәлігі___________________

Лицензиат туралы басқа мәліметтер:_______________________________

әрекеттер______________________________________________________

меншіктік форма________________________________________________

филиалдар (қоймалар)___________________________________________

Банк реквезиті (банк, есеп айырысу шоты, валюта айырысу шоты)

*Ұйым жетекшісінің қолы:*________________________________________

М.О. Мерзімі______________

*Алкоголь өнімін өндіру және оның айналымын мемлекеттік*

*бақылау жөніндегі комитет Төрағасы*

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрлігі
Алкоголь өнімін өндіру және оның
айналымын мемлекеттік бақылау
жөніндегі комитеті Төрағасының
9.11.1999 ж. N 257
бұйрығымен N 2-қосымша

**Жеке кәсіпкерге берілген ДСН-кодтың тіркеу карточкасы**

___________________________________________________________________
__________!___________!__________!___________!____________!_________

СТН ______________________________________________

Аты-жөні ______________________________________________

Туған жылы ______________________________________________

Төлқұжат мәліметтері:___________________________________

Сериясы____ Нөмірі____ Қашан берілген ____Берген ұйым__

Лицензия (N берілген мерзімі, әрекет уақыты _______

______________________________________________________

Мына адрес бойынша тіркелген:

Индекс ______________________________________________

Облыс/қала ______________________________________________

Қала/аудан ______________________________________________

Ауыл/село ______________________________________________

Көшенің аты ______________________________________________

Үйдің нөмірі (шағын аудан) ______________________________

Телефон нөмірі ______________________________________________

Пәтер нөмірі ______________________________________________

Мемлекеттік тіркеу туралы мәлімет:

Нөмір тіркеушініің атауы ________________________________

Мем. реестрдегі N ______________________________________

Тіркеу мерзімі__________________________________________

Лицензиат туралы басқа мәліметтер:

Лицензияланатын әрекет түрлері_________________________

Жекеменшік формасы______________________________________

Банк реквизиті (банк, N есеп айыру шоты, N валюта айыру шоты)

_________________________________________________________________

*Жеке кәсіпкердің қолы:* _________________________________

М.О. Мерзімі _________________________

*Алкоголь өнімін өндіру және оның айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитет Төрағасы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК